

Телжан  
ШОНАНҰЛЫ

шығармалары

1





# Телжан ШОНАНҰЛЫ

---

шығармалары

Үш томдық шығармалар жинағы

*Бірінші том*

Оқулықтары мен оқу құралдары



Алматы 2013  
“Ел-шежіре”

УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз-7

Ш 78

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі**  
**Ақпарат және мұрағат комитеті**  
**«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»**  
**бағдарламасы бойынша шығарылды**

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының  
Ғылыми кеңесі ұсынған

*Жауапты редакторлар:*

ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор – **Р.Сыздық**,  
ҚР ҰҒА корр. мүшесі, филология ғылым. докторы, проф. – **Д.Қамзабекұлы**.

*Татын және араб харпінен аударып, түсініктерін жазып, баспаға дайындаған*  
филология ғылымдарының докторы **О.Жұбаева**.

*Жауапты шығарушылар:*

техника ғылымдарының кандидаты – **Ә.Әбсаттар, Р.Ниязова**.

**Шонанұлы Телжан**

**Ш78 Үш томдық шығармалар жинағы. Оқулықтары мен оқу құралдары.**

*Телжан Шонанұлы. – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013.*

Т. 1: –384 б.

**ISBN 978-601-7317-56-0**

Үш томдық шығармалар жинағының бұл бірінші томына ХХ ғасырдың басындағы қазақ тіл білімінің қалыптасып, дамуына елеулі үлес қосқан алаштың көрнекті қайраткері Телжан Шонанұлының «Шала сауатты ересектер үшін оқу құралы», «Орыстар үшін қазақша әліппе» (1931), «Қазақ тілінің оқу құралы» (1933), «Сауаттан» (1930) атты еңбектері сніп отыр.

Еңбек тіл білімі мәселелерімен айналысып жүрген мамандарға, филология факультеттерінің студенттеріне, докторанттар мен магистранттарға, жалпы көпшілік қауымға арналған. Телжантану бағытындағы зерттеулер енді қолға алынып бастауына байланысты жинақ зерттеушілердің ізденістеріне жол ашады деген сенімдеміз.

УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз-7

ISBN 978-601-7317-56-0

ISBN 978-601-7317-55-3

© Мырзабай Б. құраст., 2013

© «Ел-шежіре» ҚҚ., 2013

## Т. ШОНАНҰЛЫ – ЕЛШІЛ ҒАЛЫМ

Қазақ ғылымын қалыптастыру жолында, елді өркеннетке ілестіру қозғалысы барысында атқарылған еңбектің ішінен біз ғалым Телжан Шонанұлының қызметін айрықша атаймыз. Ұлт әл-ауқатын, тұрмысын, руханиятын ілгертуді біреу қоғамдық-саяси белсенділігімен, енді біреу ғалымдық қабілет-қарымымен жүзеге асырады. Телжан соңғы айтқандардың санатында еді.

Т. Шонанұлының есімі көзі ашық жұртшылыққа саяси оқиғаларға толы 1917 жылдан, осы жылы шақырылған Жалпықазақ съезі туралы материал жариялаған «Қазақ» газетінен белгілі. 5-13 желтоқсан аралығында Орынборда өткен ІІ съезд Телжанды Алашорда үкіметінің оқу комиссиясына мүше етіп сайлайды («Қазақ» газеті, 1917 жыл, 23 желтоқсан). Бұл дерек алаш зиялылары Т. Шонанұлын білікті маман ретінде танығандығын көрсетеді.

«Телжан 20-жылдарға дейін не жазды?» деген сұраққа қолымызда мағлұмат жоқ болғандықтан жауап бере алмаймыз. Бүркеншік атпен жазбаса, біз қараған алаш басылымдарынан оның қолы қойылып басылған мақала кезікпеді.

Әділін айту керек, өзіміз Т. Шонанұлының жеке өмірбаянынан бұрын шығармаларын таныдық. 1990 жылдан бастап «жабық» басылымдарды, архив құжаттарын парақтағанымызда, Телжанның сауатты мақалалары, ғылыми еңбектері, танымдық оқулықтары, жалпы азаматтық ісі көзімізге оттай басылды. Сондықтан оларды қазіргі хәріпке түсіріп, жинап жүйелен жүрдік. Сол кезде бізді бір жайт қатты күйіндірді. Ол: тіл ғалымдарының, тарихшылардың Телжанның ғылыми аманат-мұрасына немқұрайлы қарауы еді.

Т. Шонанұлының әдістемелік (методикалық) еңбегі жөнінде біз сол 1990 жылы бір мақаламызда («Өркен» газеті, 1990, желтоқсан) аз-кем айтқан едік.

«Социалистік Қазақстан» газеті бетінде (1991 жыл, 16, 20 наурыз) Телжанның шығармашылық ғұмырбаянына жасаған нағыз сипаттамамызда «Ғалымдарымыз Телжан Шонанұлы еңбектерін назардан тыс қалдырып келеді. Біздіңше, бұл – қазіргі ғылыми-зерттеу орталықтарымыздың жіберіп отырған үлкен олжылығы», – деп қорытып, ғалымның «Қазақ жері мәселесінің тарихы» атты үлкен зерттеуінен үзінділер жасадық. 65 жылдан соң тұңғыш қайта жарық көрген Телжан кітабының бұл ұшқыны оқырманды елең еткізсе керек, кешікпей әлгі жарияланым қазақ радиосынан оқылды.

Т. Шонанұлының жоғарыда аты аталған кітабынан кириллицаға түсірген қолжазбамызды тасқа басып, баспаға әзірлейін деп жүргенімізде, дабырайтпай жұмыс жасайтын марқұм Б.Байғалиев «Біз Әбекең екеуіміз оны «Санаттан» шығарайын деп отырмыз», – деп айтып қалды. Бейсенбай мырзаның «Әбекең» деп тұрғаны – тарих ғылымның докторы, ҚазМУ-дің профессоры, нағыз руханият жанашыры марқұм Әбу Тәкенов еді. Бұл кісі – соңғы жылдары М. Тынышбайұлының, С. Аспандиярұлының тарихи зерттеулерін алғысөз, түсініктеме жазып (алдыңғысын Б. Байғалиевпен бірігіп), қайта жариялаған, Алаш зиялылары туралы баспасөзде тұрақты материал ұсынып тұратын азамат-тын. Сондықтан: «Әбу ағамыздың Телжан мұрасын қолға алғаны абырой болған екен», – дедік.

Замандастарымыз Т. Шонанұлының есімі мен еңбегін алғаш естігенде, үлкен әріппен жазылатын Кеңестер Одағы бар еді. Содан бері талай өзгерістер болды. «Ояндық» дедік, «ойландық» дедік. Бірақ ХХ ғасырдың 20-жылдарындағы ірі ғалымдар санатына кіретін тілтанушы, тарихшы, әдістемеші Телжан Шонанұлы мұрасын зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының не Тіл білімі институты, не Тарих институты тіпті Білім министрлігінің Білім проблемалары институты қолға ала қоймады. Байқауымызша, бұл олардың жоспарларына да кірмеген. Кейінгі жылдары бірер кандидаттық диссертация

қорғалды. Бұл еңбектердің авторлары Т.Шонанұлы мұрасын жинауға не шамасы келмеді, не құлқы болмады...

Төрелігін айтыңызшы, ұлттың ғылым тілін қалыптастырған шақта қазақ тілі бойынша жиырмаға тарта оқулық, әдістемелік еңбек, тіл проблемасы жөнінде сансыз мақала жазған ғалымды атаусыз қалдыруға бола ма? Сондай-ақ XVIII ғ. мен XX ғасырдың басы аралығындағы қазақтың жер мәселесі тарихын тыңғылықты жазған тарихшының зерттеуін айналып өту мүмкін бе?..

Профессор Ә. Тәкеновке рахмет, қым-қуыт оқу үдерісінің арасында уақыт тауып, архивші Б. Байғалиев пен ізденуші Г. Жүгенбаеваның жәрдемімен мемлекеттік һәм салалық ғылыми-зерттеу институты жасамаған істі жүзеге асырды: 1995 жылы «Санат» баспасынан Т. Шонанұлының «Қазақ жері мәселесінің тарихы» зерттеуі «Жер тағдыры – ел тағдыры» деген атпен, ғылыми түсініктемелерімен жарық көрді. Сонымен бірге осы жылы Ә. Тәкенов мырзаның республикалық «Өркениет» газетінде Телжан мен оның әйелі Шаһзаданың 37 жылғы тағдыр-талайы хақында мақаласы жарияланды.

Ә. Тәкенов пен Б. Байғалиев тапқан дерекке қарағанда, Т. Шонанұлы 1894 жылы 17 желтоқсанда сол кездегі бөлініс бойынша Торғай облысы, Ырғыз үйезі, Аманкөл болысы, №4 ауылда (қазір Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Аманкөл ауылы) туған. 1908-1912 жыл аралығында орыс-қырғыз (қазақ) училищесінде, 1912-1916 жылдары Орынборда қырғыз (қазақ) учительдер институтында (зерттеушілер осылай көрсеткен) оқыған. Төңкеріс жылдары Тоқырауын болысында, Семейде мұғалім, аудармашы қызметін атқарған. 1926-1928 жылдары Қызылордада, 1929 жылы Оқу комиссариатында (Алмағыда болу керек – Д. Қ.) жұмыс жасаған. ҚазПИ-дің әдебиет-лингвистика факультетіне өздігінше емтихан тапсырып (экстерно) диплом алады. ҚазМУ-де ашылған күнінен бастап қазақ тілінен дәріс оқиды. Әйелі Шаһзада Аронқызы – әйгілі Бақытжан Қаратаевтың немере туысы. Осы үшін және Телжанға қатысы болғаны үшін ол тоталитаризмнің құрбаны болады (репрессияланған қазақ әйелдерінің ішінде ату жазасына кесілген бірден-бір жан екен).

Т. Шонанұлы 1937 жылы 21 шілдеде нақақтан тұтқындалады. Оны «ұлтшыл, төңкеріске қарсы, Амангелді мен Таранның оліміне қатысты жан» деп айыптайды. Телжанды сол жылдың 1 қарашасына дейін тергейді. Содан төрт айға жуық мерзімнен соң, 1938 жылы 27 ақпанда КСРО жоғарғы сотының әскери коллегиясы ғалымды атуға үкім шығарады. Үкім сол күні Алматыда орындалады. Т. Шонанұлы, өкінішке қарай, 1958 жылы қатарластарымен бірге ақталмаған. Сондықтан «айыптау құрамы толық болмағандықтан» мұнда ғана – 1990 жылы 13 тамызда – ақталуға мүмкіндік алған көрінеді (Ә. Тәкенов, Б. Байғалиев. Телжаннан қалған телегей мұра. Қараңыз: Т. Шонанұлы. Жер тағдыры – ел тағдыры. Алматы, «Санат» баспасы, 1995 жыл, 211-214-беттер).

Біздің пікірімізше, Т. Шонанұлының ең елеулі қызметі – 20-жылдары Қазақстан автономиялық республикасының Халық ағарту комиссариаты жанындағы Академиялық Орталықтағы білікті һәм жауапты маман ретіндегі жұмысы еді. Бұл Телжан өмірінің Орынбор кезеңі болатын. Аталған мекеме туралы С. Мұқанов: «Академиялық Орталықты Байтұрсынұлы, Дулатұлы, Омарұлы, Шонанұлы және Жолдыбайұлы басқарады... Пролетариат рухында жазған авторлардың шығармаларын «көркемдігі жетпейді» деген сияқты сылтаулар тауып, Академиялық Орталық баспаға өткізбейді», – деп жазады («Өмір мектебі». 3-кітап. А., 1970, 76-бет). Бұдан басшылық құрамында Ахмет, Міржақып, Елдес, Телжан, Молдағали бар ғылыми-сараптау орталығының саяси сапырылыстарға толы жылдары қандай жұмыс атқарғандығы көрінеді. Олар үшін бірден-бір өлшем – сапа еді.

Т. Шонанұлы 1924 жылы 12-17 маусым аралығында Орынборда өткен Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінің жұмысына белсене қатынасады («Еңбекшіл қазақ» газеті, 1924 жыл, 2 шілде). Бұл съезд – қазақ тілі орфографиясын ретке келтірген, ғылыми зерттеулердің бағытын айқындаған, оқу бағдарламасын жүйелеген ең алғашқы жиын болатын.

Съездегі қазақ емлесін бірізге түсіру жөніндегі мәжілістен кейін ұсынылған түрлі пікірлердің басын қосып, дұрыс-бұрысын саралайтын 5 кісіден тұратын білікті комиссия



құрылады. Оның құрамына Ахмет Байтұрсынұлы, Елдес Омарұлы, Мұхтар Мырзаұлы, Халел Досмұхамедұлы сынды ғалымдармен бірге Телжан Шонанұлы да енеді.

Тарихи Білімпаздар тобының (съезд) қараған тағы бір іргелі ісі – «Бастауыш мектептерде оқылатын пәндерді жоспарлау» делінген тақырыптан асып кетіп, жалпы оқу-ағарту жүйесінің құрылымын қамтыды. Бұл туралы арнайы баяндаманы Шонанұлы Телжан жасады. Ғалым-әдіскер мектеп бағдарламасының қай түрде жасалу қажеттігін ортаға салды.

Сиез уәкілдері оқу-ағарту жүйесін тексеретін, білім-әдістемелік оқулықтарды сараптайтын, жоғары мектеп пен бастауыш оқу орындарының мақсатнамаларын електен өткізетін комиссия құрылсын деп ұсыныс ендірді.

Жасакталған комиссия (оның ішінде Т.Шонанұлы бар) осы отырыста ағартуға мамандандырылған оқу орындарының: институттар мен техникумдардың, негізгі және пысықтауыш курстардың, 7 жылдық пен 4 жылдық мектептердің жүйесі хақында қаулылар шығарады. Онда әрбір ағарту орнының оқу мерзімі, негізгі пән мен қосалқы пән қай уақытта жүргізілуі керектігі, мамандарды қалай бөлу айтылған. Бұл қаулының кейбір баптары әлі де зәрулігін жойған жоқ. Мысалы, «Барлық техникумдардың програмы бірөнкей болмауы керек», «Институттар үлкен өлкелерде болады», «Оқу ана тілінде болады», «Амалсыз кездерде жоғары бөлімдерде оқуды орыс тілінде жүргізуге бөгет болмасын», «Отырықшы халықтың мектебі бір жерде тұрады», «Көшпелі елдің мектебі өздерімен бірге көшіп жүреді», «Көшпелі елдің, иа қыстауы бытыраңқы иа там-үйі жоқ елдерде оқу мезгілі жергілікті жағдайға қарай болады» т.б.

Іргелі ел болуға ниеттенген жұрт әліппесін, бастауыш мектебін түзейтінін ұққан топқа келген алаш зиялылары (ішінде Т.Шонанұлы бар) бастауыш мектеп оқуын жоспарлауға жігі көңіл аударады. «Өтілетін барлық пәндердің: шама тілінің (математика), ана тілінің, тұрмыс жүйесі ғылымының (тарих пен қоғамтану), табиғаттанудың, жертанудың, сүгірет салудың жоспары келеге салынып, мазмұны тұрмысқа жуық, балаларға ұғымды, ауыр емес етіп» бекітілді. Жоспар талқыға

түскенде, ана тілі бағдарламасы қаз-қалпында қалдырылып, қалғандарына түзетулер ендірілді.

Бір-екі түзетулермен оқырманды таныстырайық: мәселен, тұрмыс жүйесі ғылымы бойынша жасалған түзету: «4-жыл аяғында қазақша ауылының, болысының, уезінің тарихымен таныстырылсын», жертану бойынша: «Ресей» деген сөз орнына «Кенестер Одағы» деген тіркес алынсын»...

Осы ізденіс пен ұстанымның көбінде дерлік Т.Шонанұлы қоғамдастығы айқын көрініп жатты.

Жалпы ғылымға ыңғайы бар Телжан Шонанұлы Халық ағарту комиссариатының жұмысына 1920-1921 жылдардан-ақ тартылған тәрізді. Өйткені бұл жылдары ағарту саласын Телжанды 1917 жылдан білетін А. Байтұрсынұлы басқарғанды. Сондай-ақ 20-жылдардың басында Т. Шонанұлы Түркістан республикасының астанасы Ташкентке үдере қоныс аударған ашар зиялыларымен де байланыс жасап тұрған секілді. Комиссариат жұмысына тартылғанын 1921-1922 жылдары ғалым есімінің Қазақстан мемлекеттік баспасының авторлары тізіміне енуі дәлелдесе, Ташкентпен байланыста болғанын 1923 жылы Алматыда (Жетісу Түркістанға қарайтын) жарық көрген «Қазақ тілінің оқу құралы (орыс мектептері үшін)» еңбегі айғақтайды. Телжанның Түркістандағы игілікті рухани істерден хабардар болып, оған ізгі ниетін білдіріп отырғанын «Ақ жолда» (Ташкент) басылған «Іс һәм идея» (1921 жыл, 14 сәуір), «Абай кітабын бастыру керек» (1921 жыл, 19 маусым) атты мақалаларынан аңғарамыз.

Архивте сақталған мәліметтерге қарағанда, Т. Шонанұлы 20-жылдардың басында Қырғыз (қазақ) өлкесін зерттеу (ҚӨЗ) қоғамының ғылыми жұмысына да атсалысқан. 1923 жылы аталған қоғамның тарих-археология мен этнография секциясы біріккенде, Т. Шонанұлы оның төраға серігі (товарищ председателя) болып сайланады. Осы ҚӨЗ қоғамы Түркістанмен берік байланыс орнатқан еді (Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік Орталық архиві. Р – 34-қор. 1-тізім, 2626-іс, 53-бет).

Телжан Шонанұлының ғылыми-шығармашылық ғұмырбаяны сол кезде кезектесіп астана мәртебесін алған қалалар Орынборда басталып, Қызылордада жалғасып, Алматыда

амалсыз аяқталды. Ғалымның сонында қалған мұрасын шартты түрде төмендегі бес тақырыпқа жіктеуге болады:

- 1) тіл туралы еңбектері;
- 2) тарих жөніндегі зерттеулері;
- 3) әдебиет хакындағы ғылыми жұмыстары;
- 4) жағрапия ғылымын меңгертуге арналған оқулықтары;
- 5) жалпы көсемсөздік туындылары.

Бұған қоса қаламгердің бірсыпыра аудармалары да бар.

XX ғасырдың бас ширегінде қазақ оқығандарының алдындағы ең үлкен мақсат – іргелі ғылымның негізін қалау еді. Мұны жүзеге асыру үшін көрнекті қазақ тілін ғылыми жүйеге түсіру керек болды. Сондай-ақ пән сөздерін (терминді, яғни аталымды – ол шақты осылай деген) қалыптастыру міндеті тұрды. Республикада 1923 жылы қазақ тілі ресми тіл мәртебесін алуы, осы кезде мекемелерді қазақыландыру (казахизация аппараты) саясатының ашық жүргізілуі жоғарыда айтылған мақсаттың біртіндеп орындалуына мүмкіндік жасады. Телжан азамат ретінде алғашқылардың бірі болып өзін осы қиын іске жекті. Шамалы уақытта ол оқулық жазудың «еңбекторысы» атанды.

Әр дәрежедегі оқушыға арнап Т. Шонанұлы «Қазақ тілінің оқу құралы» (1923), «Самоучитель киргизского языка для русских» (1925), «Шала сауатты ересектер үшін оқу құралы» (1926), «Жаңа арна» (1929, М. Жолдыбайұлымен бірге), «Жаңалық» (1929), «Жаңа әліппе» (1929), «Жаналыққа жетекші» (1929), «Сауаттан» (1929), «Тіл дамыту» (1931), «Орыстар үшін қазақша әліппе» (1931), «Жаңалық (колхоз мектептері үшін әліппе)» (1932, М. Жолдыбайұлымен бірге), «Әліппе» (1933, М. Жолдыбайұлымен бірге), «Емле мен оқу» (1934, А. Гляховскаямен бірге), «Қазақ тілі. Грамматика мен емле» (1934), «Бастауыш мектептегі қазақ тілінің әдісі» (1935, С. Жиеубайұлы, Ғ. Бегалыұлымен бірге) т.б. тілді меңгеру жөніндегі оқулықтар жазды. Осы аталған еңбектер ел сұрамына орай дүркін-дүркін толықтырылып қайта басылды.

Тіл ғылымы Телжан шығармашылығының күрестамырытын. Мерзімді басылымдарда да оның тіл проблемалары жөніндегі мақалалары жарияланып отырды. Бұл ретте ғалымның әріптестерін қазақ тілі заңдылығын бұзбауға.

табиғатына жат нәрсені тілге таңбауға әрдайым шақырғанын ерекше атауға болады. 20-жылдардағы әліпби туралы айтыс тұсында Т. Шонанұлы латын харпі негізіндегі алфавитті қолдады.

Тарихшы Телжанның ең сүбелі еңбегі – «Қазақ жері мәселесінің тарихы» атты зерттеуі (Қызылорда – Ташкент, 1926 жыл). Мұны ғалым 1923 жылы Орынборда жазып біткен. Сөйтіп үш жылдан соң басылып шыққан. Т. Шонанұлының «... Тарихы» – қазақ ғылымында Ресейдің отарлау саясаты жөніндегі ең елеулі еңбек. Телжанның зерттеуі отандық ғылымымыздың 20-жылдардағы белесі десек қателеспейміз. Қамтылған материал қорына, игерілгеніне қарап «Қазақ жері мәселесінің тарихы» еңбегін ғылыми монография деуге болады.

Автор монографиясында қазақ жері мәселесін: 1) орысқа бағынғаннан бастап ХІХ ғасырдың 80-жылдарының басына шейін (бұл – атты казактардың пайдасына, әскерлік кісілердің пайдасына деп жер алу дәуірі), 2) 80-жылдардың аяғынан, 90-жылдардан бастап бері қарай Николай құлағанға шейін қаракенділер үшін жер алу дәуірі» – деп, екі дәуірге бөліп қарастырады. Монография 17 бөлімнен тұрады. Әр бөлім бір проблеманың қилы қырын ашуға құрылғаны байқалады. Монографиядағы «ХVІІІ ғасыр ішінде қазақ қонысының ауданы», «Ертіс бойына талас», «Жайық бойына талас», «Бөкей жерінің мәселесі» атты бөлімдерде ресейлік отарлау саясатының жөн-жосығы шынайы сипатталған.

Ғалым үшін ең маңызды нәрсе – методология және материалдың объективтілігі. Бұл ретте Телжанға лайықты баға берген орынды. Ол Ресей ғылымының зерттеу шарттарын жақсы меңгерген. Сондай-ақ оның ғалымдық назарына ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырдың басында Ресей қалаларында шыққан тарихи зерттеулер, ғылыми жинақтар, құжаттар топтамасы ілінген. Ғалым Орынбор архивінде де жұмыс жұмыс жасапты. Сонымен бірге Телжанның Ресейлік мерзімді басылымдар мен қазақ газет-журналдарынан қажетті дерек алғаны да байқалады.

Ең бастысы – Т. Шонанұлы жоғарыда аталған материалдарды қорыта алған һәм осылардың жәрдемімен мақсатының үдесінен шыққан.

Бұл кітап М. Есболұлы, Ж. Сұлтанбекұлы сынды қаламгерлердің жер саясаты туралы еңбектері секілді. 20-жылдардағы жерді аудандау («районирование» дегенді осылай аударған) шаралары тұсында жазылған. Сондықтан монографиядағы «Болашақта қазақ жерге қалай орналасуы керек?» атты бөлімнің мәні зор. Мұнда автор Қазақстан Орталық комитетінің 1921 жылы 7 ақпандағы Декретіне, 1922 жылы 26 тамызда Федералдық жер ісін қарайтын комитет пен Бүкілодақтық ОАК бекіткен «Қазақстанда еңбекпен пайдаланудың негізгі Заңына», 1922 жылы 30 (ақпан) қазанда шыққан «Жер кодексіне» табан тірей отырып, қазақ елінің ұстануға тиіс жер саясатын бағамдайды. Осы орайда оның: «Қазақстанның ішіне сырттан колонизация дегенді ада-жұда жабу керек. Қазақстанды отарлауды тіпті жою керек. Олай болмаса, баяғы жерсіз қазақ жерсіз қала бермекші. Тағы Жиделібайсыңға шұбыру болады. Бұл күндегі «Жер жүзінің еңбекшілері, бірігіндер!» деген ұран босқа қалып, жер үшін қазақ еңбекшілі тағы да сырттан келетін еңбекшілдермен пышақтасқаны болады», «Қоныстандыру әлемімен неғұрлым кешіктірілсе, елге соғұрлым зиян», «Қазақ шаруасын түзеуді мал шаруасын дұрыстау деп түсінеміз. ...Малдарды салықтан құтқару керек» т.б. өрелі ойлары сол кез үшін және кейін де көкейкесті болып қалды.

Т. Шонанұлының әдеби мұрасы да бірсыпыра. «Абай кітабын бастыру керек» («Ақжол», 1921, 19 маусым), «Театр және тұрмыс» («Қызыл Қазақстан», 1923, №16), «Сәкеннің тілі туралы» («Социалды Қазақстан», 1936, 5 шілде), «Өлең өнері» («Еңбекші қазақ», 1926, №126), «Устное творчество казахов» («Литературный Казахстан», 1936, №2), «Қазақстанда ғылым-білім, баспа жұмысы» («Қызыл Қазақстан», 1922, №3-4-5) т.б. мақалаларында қаламгер әртүрлі бағытта әдебиет мәселесін сөз етеді. Ғалым Б. Байғалиев 90-жылдардың басында ҚР Орталық архив қорынан Телжанның «А. Байтұрсынұлы халық ағарту және әдебиет саласында» атты еңбегін тапты («Жұлдыз», 1992, №2). Ә. Тәкенов пен Б. Байғалиев: «Ол Д. Снегинмен бірге «Уйгурская поэзия» (1934) жинағына енген өлеңдерді ұйғыршадан орысшаға тәржімелеген екен», - деп жазады (Аталған кітап, 208-бет).

Бұл деректерден Т. Шонанұлы сауатты азамат ретінде өз кезеңіндегі әдеби-мәдени үдерістен бейтарап болмағаны аңғарылады. Және бір елеулі жайт: жаратылыстану ғылымының маманы – Шаһзада Шонанова да ара-тұра әдебиет жөнінде мақала жазған екен. Біз оның 30-жылдары жазған «О казахском детском фольклоре» атты еңбегін ұшырастырдық («Литературный Казахстан», 1934, №4). Бұл факт Телжанның отбасы әдебиетке аса көңіл бөлгенін дәлелдейді.

20-жылдары қазақ оқығандарының алдында бар ғылымды қалыптастыру міндеті тұрды. Бұл ретте олар алғаш оқулық жазуды қолға алды. Т. Шонанұлы бұл жылдары қоғамдық ғылыммен қабат жаратылыстану ғылымының да мамандарын әзірлеуге атсалысты. Оның «Жағрафияның алғашқы сабақтары» («Жаңа мектеп», 1927, №1-2-3-4-7-8), «Жағрафия оқыту әдісінің желісі» («Жаңа мектеп», 1929, №4), «Тамшының тарихы» («Жас қазақ», 1924, №5-6), «Нұх кезіндегі топан деген не?» («Жас қазақ», 1924, №5-6), «Жазғы серуенге қыс қалай әзірленеді?» («Жаңа мектеп», 1928, №1-4-5) т.б. мақалалары тұсында аталған саланың әліпбиі іспеттес болды деуге негіз бар. Телжанның бұл еңбектері көбіне мектеп мұғалімдеріне арналып жазылды. 1929 жылы ол жұртқа «Қазақстан жағрафиясы» атты кітабын ұсынды.

Т. Шонанұлының жалпы көсемсөздік еңбектерінің тақырып ауқымы кең. Бірақ өзі ғылым, ағарту саласында қызмет жасап жүргендіктен, осы төңіректің проблемасын жиі көтерді. «Ішкі һәм сыртқы саяси халдар» («Жас қазақ», 1924, №5-6), «Октябрь және халық ағарту жұмысы» («Қызыл Қазақстан», 1924, №10), «Ғылым дүниесінде бүгін түріктер үшін латын әліппесі деп қаулы қылды» («Еңбекші қазақ», 1925, №57), «Үмбетұлы Мәжитке жауап» («Еңбекші қазақ», 1925, 26 ақпан), «Мәдениет төңкерісі майданында» («Еңбекші қазақ», 1928, 21 қаңтар) т.б. мақалаларында ағымдағы өмірдің көкейкесті мәселелерін сөз етті.

Ғалым Телжан қоғам сұранымын қанғаттандырып, аударманы да болған. Ол 1924 жылы А.А.Богдановтың «Тұрмыс жүйесі ғылымының қысқаша курсы», 1925 жылы Н.К.Крупскаяның «Ауыл арасындағы саяси-ағарту жұмысы», Камен-

скийдің «Ауылдағы кооперация туралы» атты кітаптарын аударды. Соңғы екеуіне С. Сәдуақасұлы алғысөз жазды.

Мұхтар Әуезұлы 1927 жылы Ленинградтан Смағұлна жазған бір хатында жіберген еңбектерінің қолжазбасы туралы айта келіп: «Өзінде уақыт қат болса. Телжанға тапсырышы. ...Ол бәрін біліп, міндетті түрде хатпен хабарласын», - дейді (Қамзабекұлы Д. Мұхтар мен Смағұл // «Парасат» журналы, №1, 1996). Бұдан Т. Шонанұлының сырттағы да, елдегі де зиялылармен жақсы, сыйлы қарым-қатынаста болғанын байқаймыз.

Зиялылар ортасында үлкен беделге ие болған елшіні Телжан Шонанұлы атқарған ісі мен жасаған еңбегіне сай бүгін де, ертең де қадірленуге тиіс. Оның ғалымдық тұлғасы, кісілік келбеті, шығармашылық мұрасы жөнінде еңбек жазу – қазақ зерттеушілерінің парызы. Телжантанудың тасы орға дөнгелегей.

**Дихан Қамзабекұлы,**  
*ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі*

Қамзабекұлы Д. Мұхтар мен Смағұл // «Парасат» журналы, №1, 1996.

## ТЕЛЖАН ШОНАНОВ

(1894-1937)

Тәуелсіздік заманның бет-бейнесін өзгертетін жасампаз күбылысқа айналып, ұлттық құндылықтарымызды танып-білуге мүмкіндік берді. Ұлттық рухты серпілтіп, жандандыруда ұлттық дүниетаным қалыптастырып, ұлттық сананы оятуда, ұлттық тіл білімінің дамуы жолында аянбай еңбек етіп, өзіндік үлес қосқан, кейін репрессиялануына байланысты еңбектері ағалмай қалған ғалымдар мұрасының ғылым дамуындағы орнын айқындаудың маңызы зор. Қазақстанның бүгінгі жай-күйін және келешектегі даму бағытын сөз еткенде, өткен тарихын да әрдайым есте ұстап, тарихтан тағылым алған абзал. Бұл орайда әсіресе ХХ ғасырдың басындағы Қазақстанда орын алған саяси-әлеуметтік фактор ел зиялыларының ұлт мүддесі жолында бірігіп, қазақ тілін бағдарға ала отырып, бірлесе еңбек етуінің жарқын үлгісі болды. Ұлттың қамын ойлаған қазақтың зиялы азаматтары адамзат тарихының көшінен қағаберіс қалып, бейқам жатқан елдің тығырықтан шығар жолын іздеді. Одан шығудың бірден-бір негізгі жолы өнер-білімге тартылып, алдыңғы қатарлы елдердің қатарына қосылу деп білген зиялылар қалың бұқараның арасында ағартушылық идеясын, ұлттық сананы көтеру идеясын ұстанды. Бұл жолда ұлттық мәдениеттің, әсіресе тілдің алар орны ерекше болатынын терең түсінді. Осыған байланысты ұлт көсемі А.Байтұрсынұлы: «Өзіміздің елімізді сақтау үшін бізге мәдениетке, оқуға ұмтылу керек. Ол үшін, ең алдымен, әдебиет тілін өркендету керек. Өз алдына ел болуға өзінің тілі мен әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз», – деп жазды. Ендеше, Қазақстанның болашағы қандай болуы керек? деген мәселеге келгенде, осы ұстанымдарды басшылыққа алу керек. Елба-



сы Н.Назарбаевтың: «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде», – деген сөзінде терең мән бар. Яғни қоғам дамуындағы сабақтастық, ұлттық идеяның әрдайым тілмен байланысты екендігі, ХХ ғасыр басындағы қазақ зиялыларының ой-тұжырымдарымен үндестік, сол идеялардың жасампаздығы, дамуы байқалады.

Мемлекеттік хатшы Марат Тәжин Л.Гумилев ағындағы Еуразия Ұлттық университетінде сөйлеген сөзінде де ұлттық тарихымызға ерекше мән беру, қоғамдық санада оң өзгерістерге қол жеткізу керектігі туралы сөз еткен болатын. Мемлекеттік хатшы Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастама-сымен арнайы бағдарлама дайындау жоспарланып отырғанын тілге тиек ете келіп, Қазақстанда тарих ғылымына ұлттық мүдде тұрғысынан баға беретін кез жеткенін, озық әдіснамалар мен әдістерді пайдалана отырып, ұлттық дүниетанымды қалыптастыру қажеттігін айтқан еді.

Соңғы жылдары ғылыми танымда ХХ ғасырдың басында өмір сүрген ұлттық тіл білімінің қалыптасуына елеулі үлес қосқан ғалымдардың ерекше көңіл бөліне бастады. Қазақ тіл білімінде жаңадан қалыптаса бастаған когнитивті лингвистика, антропоэектілік бағыт сияқты жаңа үдерістер ХХ ғасырдың басында ұлттық тіл білімінің көш бастауында тұрған ғалымдардың еңбектерінен басталады. Қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттар мен А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Т.Шонанов, Қ.Жұбанов, Қ.Басымұлы сынды ғалым-зерттеушілердің еңбектерінің арасындағы сабақтастық осы кезеңді зерттеуді қажет етіп отыр.

ХХ ғасырдың 20-30-жылдарындағы Қазақстандағы ғылыми білімдер жүйесін арнайы қарастырудың өзіндік себептері бар:

біріншіден, осы кезеңде қоғамдағы өзгерістерге байланысты білім-ғылым саласы қарқынды дамыды, оқулықтар мен оқу құралдары көптеп жарық көрді, жекелеген ғалымдар қазақ тілінің толық грамматикасын құрастырып, тіл білімінде теориялардың қалыптасуына түрткі болды. Сол арқылы ұлттық тіл білімінің қалыптасуына жол ашты.

Екіншіден, осы кезеңде қазақ тілін оқыту, грамматикалық тұрғыдан сипаттау мәселесі қоғам тарапынан да қызу талқыға түсті.

Үшіншіден, XX ғасырдың 20-30-жылдарында ғылыми грамматика мен мектеп грамматикасының ара-жігі айқын көрініп, қазақ тілінің ерекшеліктерін грамматикалық тұрғыдан сипаттаудың ғылыми негіздері нақтыланды, ғылыми сипаттама мен аша тілін оқыту тәжірибелерінің өзіндік әдіс-тәсілдері айқындалды.

Төртіншіден, осы кезеңде қазақ әдеби тілі стильдік тармақтарға жіктелді, соған байланысты қазақ тілі грамматикалары әдеби тіл нормаларына сәйкес түзілді. Сол себепті осы кездегі грамматикалық сипаттамаларға талдау жасай отырып, ғалымдардың қазақ әдеби тілін қабылдау, түйсіну ерекшеліктерін де байқауға болады.

Бесіншіден, XX ғасырдың басында тілді грамматикалық тұрғыдан сипаттаудың бірнеше үлгісі жасалды. Қазақ тіл білімінің тарихында ғылыми парадигманың Қазақстандағы XX ғасырдың 20-30-жылдарындағы лингвистикалық теориялар жүйесіне қаншалықты ықпал еткенін айқындауға болады.

XX ғасырдың 20-30-жылдары қазақ тіл білімінің дамуында өзіндік орны бар, қазақ тілін грамматикалық тұрғыдан сипаттау қоғамда үлкен талас тудырып, басылым беттерінде жиі көрініс тапқан кезең болды. Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуы, қазақ халқының әлеуметтік-мәдени дамуы, қоғамдағы өзгерістер жаңа оқулықтар мен тың бағдарламаларды керек етті. Қазақ зиялылары ана тілінде оқулықтар жазып, сөздіктер шығарып, аударма ісімен айналысып, ұлттық ғылым тілін қалыптастыруға күш салды, халықтың сана-сезімін оятып, мәдениетті елдер қатарына қосылу жолында аянбай еңбек етті. Ұлттық тілді ұлтты, қоғамды дамытудың, ілгері бастырудың құралы ретінде пайдалана отырып (А.Байтұрсынұлының оқу құралдарының аты да «Тіл – құрал» деп аталды), халықтың санасына әсер етуге тырысты.

Азғана ғұмырында соңына өлшеусіз мұра қалдырған ғалымдардың бірі –Телжан Шонанов. Қайраткер 1916 жылғы

ұлт-азаттық көтеріліс кезінде Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов бастаған демократиялық бағыттағы алаш зиялыларына қолдау көрсетті. 1917 жылғы ақпан төңкерісі кезінде ұлтық автономия құруға атсалысты. Телжан Шонанов 1917 жылы екінші жалпықазақ съезінде А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Е.Омаровтармен бірге Алашорда үкіметінің жанынан құрылған оқу комиссиясының құрамында болған. Сондай-ақ Халық ағарту комиссариаты жанындағы академиялық орталықта қызмет еткен. 1924 жылы Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезіне, Қазақ АССР ғылым саласы қызметкерлерінің съезіне, Қазақ АКСР ғылым саласы қызметкерлерінің съезіне, 1926 жылы Бакуде өткен Бүкілодақтық түркітанушылар съезіне т.с.с. қатысты. 1929 жылы 2-4 шілдеде Қызылордада өткен ғылыми-орфографиялық конференцияға төрағалық етті т.с.с. Латын әліпбиін насихаттайтын республикалық комитеттің құрамында болды.

1926-29 жылдары Қазақ Халық ағарту институтында қызмет етті, Қазақстандағы алғашқы жоғары оқу орны – Қазақ педагогикалық институтында, Қазақ мемлекеттік университетінде оқытушы, доцент болып еңбек етті, оқулықтар, оқу құралдары мен оқу бағдарламаларын құрастырды. Ғалым орыстарға қазақ тілін меңгерудің теориялық және практикалық негізін қалаушылардың бірі болды, әліпби, емле, терминология, грамматика, стилистика, текстология бойынша еңбектер жазды. Білікті әдіскер А.Байтұрсынұлы, М.Жолдыбаевтармен бірігіп оқу құралдары мен оқулықтар жазды. Ғалымның «Самоучитель русского языка для русских» атты еңбегі көп жылдар бойы оқытылып, негізгі оқу құралдарының бірі болды. Оқу әдістемесіне байланысты «Оқыту әдісі мен программасындағы дамуымыз» («Жаңа мектеп». 1927, N10); «Диаграмдар, графиктер қандай болады, қалай салынады?» (Қызылорда, 1929); «Жаңалыққа» жетекші (Қызылорда, 1929); «Сауаттан» (Қызылорда, 1929) т.с.с. еңбектері жарық көрді.

Телжан Шонанов – тіл білімінің бірнеше саласы бойынша еңбектер жазған білікті ғалым. Л.Толстой (Күн //«Жас қазақ».

1923, N4, А.Богданов (Богданов А. Тұрмыс жүйесі білімінің қысқаша курсы. Орынбор, 1924), Каминский (Ауылдағы кооперация туралы. Орынбор, 1925), Н.Крупскаяның (Ауыл арасында саяси-ағарту жұмысы. Орынбор, 1925) т.с.с. еңбектерін аударумен қатар жазу, емле, терминология (Терминдер туралы //Бюллетень гос. терминологической комиссии при КазНКП. 1935, N4; Тағы да терминдер туралы //Социалистік Қазақстан. 1935, 20 май) мәселелерімен де айналысқан. Ғалым термин сөздерді қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктеріне бағындырып жазу керектігін айта келіп, негізгі ұстанымдарын көрсеткен (Шет сөздер імләсі жайында // Еңбекші қазақ. 1929, 25 март, 26 март).

Қоғам қайраткері, ағартушы, педагог, аудармашы Телжан Шонановтың бір топ еңбегі ғалым өлкетану, жер мәселесі, география, казактарды қоныстандыру, отырықшыландыру, жер бөлу мәселелеріне арналған. Қайраткер 1923 жылы «Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының» мүшесі, 1926-28 жылдары «Қазақ өлкесін зерттеу қоғамында» тарих-этнография секциясының төрағасы болды. Т.Шонанов – «Қазақ жер мәселесінің тарихы» атты еңбектің авторы.

Ұсынылып отырған жинақта Т.Шонановтың ХХ ғасырдың басында оқытылып, бірнеше рет жарық көргенімен, ғалымның репрессиялануына байланысты кейін шықпай қалған оқулықтары, оқу құралдары, аудармалары беріледі. Соңғы жылдары әліпби алмастыру мәселесі қолға алынуына, сол себепті емле мәселесінің жанданып, у, и дыбыстарының таңбалануында, шет сөздердің игерілуіне қатысты көптеген таластардың өршуіне байланысты ХХ ғасырдың 20-30 жылдары бұл мәселе қай бағытта өрбігенін көрсету мақсатымен Телжан Шонанов еңбектерінде қосар дыбыстардың таңбалауда, шеттен енген сөздердің берілуінде, сөздердің бірге, бөлек жазылуында түпнұсқаны сақтауға тырыстық (сөз соңындағы п дыбысының орнына б келетін тұстардан басқа жерлерде). Телжантану бағытындағы зерттеулер енді қолға алына бастауына байланысты жинақ зерттеушілердің ізденістеріне жол ашады деген сенімдеміз.

Қазіргі кезде ғылыми білімнің даму заңдылықтарына ерекше мән берілуіне байланысты жаңа концепциялардың пайда болу жолдары арнайы зерттеуді қажет етіп отыр. Антропозектік бағыттағы ізденістер жеке тұлғалардың тіл білімінің дамуындағы, ғылым тарихындағы орнын айқындауға бағытталған. Осыған байланысты жаңа бағыттардың қалыптасып, дамуына байланысты ХХ ғасырдың 20-30-жылдарындағы зерттеушілердің ой-тұжырымдарына басқа қырынан үңіліп, қайта қарау қажет. ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы мектеп грамматикасы мен ғылыми грамматикалардың арақатынасын сипаттау қазіргі кездегі ғылыми теориялардың талаптары үдесіне сәйкес келе бермейтін қазақ тілі оқулықтарының мазмұнын сын тұрғысынан қарастыруға да мүмкіндік береді. Орта мектеп оқулықтарының негізінде логика-грамматикалық, құрылымдық-грамматикалық теориялардың өзара қатынасын талдау арқылы лингвистика ғылымы мен оқулықтар арасындағы байланысты жандандыруға, қазіргі қазақ тілі ғылымының даму үдерістеріне сәйкес баламалы қазақ тілі оқулықтарын құрастырып, бүгінгі таңда ерекше сұранысқа ие болып отырған қазақ тілді сөйлермендердің лингвистикалық құзыреттілігін қалыптастыруға жол ашады.

Еліміздің ертені туралы ой қозғап, ұлттық қоғам құруды мақсат еткен қазіргі кезде ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының еңбектерінен тағылым алар тұстары, үлгі, тәжірибе боларлық дүние мол. Алаш зиялыларының ұлт мүддесі, тәуелсіздік жолындағы күресі егеменді Қазақстан үшін тағылымы мен ғибраты мол жол болмақ. Алаш зиялыларының азаттық жолындағы істерінің байыбына барған сайын бүгінгі тәуелсіздігіміздің мәнін сезінеріміз анық.

**Орынай Жұбаева,**  
*филология ғылымдарының докторы*

• • • قازاق وقۇ كەمەسەرىيەتىنىڭ بىلىم ورداسى • • •

جەر جۇزىنىڭ ئىچىدە كىشىلەرنى بىرىكىتىدۇ!

*Шононов У.*

شونان ۇلى تىل جان.

*Шала сауатты ересектер үшін*

شالا ساۋاتتى ەرسەكتەر ۇشىمن

# وقۇقۇرالى.

Шононов. У.

ХРЕСТОМАТИЯ

Для малолет. Взрослым

ОБМЕН

ТИПОГРАФИЯ КАЗАКСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ИЗДАТЕЛЬСТВА.  
Г. ЧЫЛ-ОРДА, 1926 г.

ПОДАШЕНА  
P H

*1926*

Қазақ оқыу кемесіесінің білім ордасы  
Жер жүзінің енбекшілері, бірігіндер!

# Шала сауатты ересектер үшін ОҚУ ҚҰРАЛЫ

Шонанов Т.

Хрестоматия для малограмотных взрослых

Типография Казакстанского государственного издательства  
г. Кыл-орда, 1926

### *Жазыушыдан*

Бұл кітап сауатсыздықты жойатұн алты айлық мектепті бітірген, шала сауаттылар мектепте оқитын ересектерге арналып жазылған. Кітап, қолдан келгенше, комплекс жолымен жазылған. Комплекске келерлік ірі тема жеті: мал бағу, егіншілік, кәперетсіе, саяси сауат, Ленин өмірі мен ісі, төңкеріс мыйрамдары, есеп білдіргіш. Бұл ірі темелерді ұсақтап бөлуге де келеді. Әр теменің ішінде керекті жерлерінде есеп, табиғат тану жайынан мағлұматтар қыйыстырылып отырады. Сонда да кітабымыз таза комплекс жолына дәл үйлеседі дей алмаймыз. Оған түрлі себептер болды.

Шала сауаттыларға қымбаты із – жолын білу (справочное) мағлұмат; карта тану, пылан, масштабтарды жақсы білу. Карта сықылды нәрселерді салуға текнйке жағы көтермейтұн болы. Кітап тым қымбатқа түсетұн болды. Сондықтан жағырапиядан алғашқы мағлұматты мұғалім үйретер деп ойладық. Класта ілуге Қазақстан картасы быйыл басылып шығады. Кітапта жер-су аттары кездескен сайын, сол картамен мұғалім соларды іздеп оқыушыларға таптырып отыру керек: мың жер атын білгеннен бір жерді картадан таба білу артықтығын мұғалім есінде тұтсын. Сандар кездесе, есептетіп, диағырамдар салдырып отыру керек. Сандардан тұрмысқа керек қорытыу шығарып отыру керек.

Кітап қарамы кішкенелігінен керекті тағы бір-екі темені кіргізе алмадық. Іс істеп жүрген мұғалымдар кітаптың оңдайтұн жерін көрсетсе, алғыс айтып қайта басыларында түзетіуге тырысамыз.

*Қызылорда. 1925 жыл, ағұс  
Жазыушы*